



Газет 1948 ж.  
20 сәуірінен  
шыға басталды

# Қазақ университеті

№ 8  
(1281)  
қыркүйек  
1999 жыл



10 ҚАЗАН - ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ МЕН  
МӘСЛИХАТЫНА ДЕПУТАТТАР САЙЛАУ КҮНІ

10 ОКТЯБРЯ - ДЕНЬ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ  
В МАЖИЛИС ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТ РК

Орталық Сайлау комиссиясында хабарлағандай, республика Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат болып 34 азамат ұсынылды.

Ал Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат болып 595 азамат бір мандатты сайлау округтері бойынша бақ сынамақ. Олардың 74-і қобамдық бірлестіктер, 127-і саяси партиялар, 394-і өзін-өзі ұсынғандар. Кандидаттардың 519-ы ер адам, 76-сы әйел.

Ал Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарына кандидаттыққа 3322 сайлау округі бойынша 7453 азамат ұсынылды. Олардың 1113-і қобамдық бірлестіктерден, 2590-ы саяси партиялардан, 3750-і өзін-өзі ұсынғандар.

"Егемен Қазақстан"  
7 қыркүйек 1999 ж.

**Үлтжанды кандидат...**

**Сен кімге дауыс бересің, 18 жас?**

6-бетте

**Быыл**

**университетімізге:**

Жалпы құжат тапсырғандар саны - 4373. Студент қатарына қабылданғандар - 2995. Күндізгі бөлімге бюджет есебінен 1220-ға жуық. Оның ішінде грантқа 666, кредитке 554. Ақылы оқу жүйесі бойынша құжат тапсырғандар 2012; қабылданғандар 1775; күндізгі оқу бөліміне 1545; сырттай оқу бөліміне 169. Магистратура: бюджет - 205, ақылы - 58.

**Жаңа жүйе. Артықшылығы бар, кемшіліктен де ада емес**

...Жаңа жүйенің жетілмеген тұстары көп, әсіресе оны іске асыру технологиясы әзірге ақсап тұр. Талапкерлердің жеке қағазында кеткен кәтелер компьютерге бірден енгізілгендіктен, оларды тексеру немесе өңдеуге біздің мүмкіндігіміз болған жоқ...

...Ал бұл жүйеде құжаттардағы мәліметтердің дұрыс-бұрыстығын тексеру механизмі қалыптастырылмаған. Кейде емтихан өткізілетін аудитория номерлерінің, пән шифры, талапкер кодының ауысып кету жағдайлары кездесті...

3, 5-беттерде

Поздравление

## ФАКУЛЬТЕТУ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ 50 ЛЕТ

*Торжественно отмечая этот славный юбилей, мы гордимся тем, что именно в нашем Университете родилась отечественная школа профессиональных философов, которая по праву унаследовала лучшие духовные традиции многих поколений мыслителей. От великого аль-Фараби и боговдохновенного Коркыта, через творчество и искания славных ученых и поэтов, общественно-политических деятелей и педагогов-просветителей, через труд и подвижничество Баласагуни, Кашғари, Яссауи, Асан-кайгы, Казтуғана, Дулати, Бухар-жырау, Казыбек би, Махамбета, Шоже, Чокана Валиханова, Абая, Ибрая Алтынсарина. Шакарима, Курмангазы, Алихана Букейханова, Ахмета Байтурсынова, Магжана Жумабаева, Мыржақыпа Дулатова, Мустафы Чокаева и многих, многих других замечательных людей к нам, которые встречают новое тысячелетие, протянулась нить поиска Истины, Света, Мудрости, Блага, Знания, Справедливости, Свободы.*

*Мы гордимся тем, что казахстанская философская школа признана во всем мире, а труды наших ведущих ученых читают на многих языках. Именно наш факультет ровно двадцать лет назад принял первых зарубежных студентов, и с тех пор во многих странах живут и работают выпускники и аспиранты, стажеры и докторанты факультета, наши уважаемые коллеги - ученые и преподаватели.*

*Вся мировая философская традиция от древности до современности глубоко ускорена в образовательном процессе и научных исследованиях студентов, молодых ученых и мэтров нашего факультета. Ныне он обрел статус ведущего центра подготовки специалистов в различных областях философии, политологии, психологии, социологии. Меняются времена и социальные отношения, но неизменна тяга людей к высотам гуманитарного знания. Поэтому факультет был и останется на долгие годы ведущим учебным и научным центром социогуманитаристики Республики Казахстан. Поэтому всегда золотыми строками в истории Университета будут записаны имена тех, кто свои силы, знания и опыт отдавал развитию факультета, укреплял его славу и авторитет, оставив тем о себе светлую память.*

**С праздником дорогие коллеги!**

Ректор КазГУ, профессор К.Н.НАРИБАЕВ  
Декан ФФиП, профессор Н.А.Логинова



## Маңызды мәселелер қаралды

Жақында өткен университет ректоратының 1999-2000 жылына арналған мәжілісінде бірнеше маңызды хабарламалар жасалды.

Оқу корпустары мен жатақханаларының жаңа оқу жылына дайындығы жөнінде жалпы және өндірістік шаруашылық істер жөніндегі проректор Қ.Баймырзаев хабарлама жасады. Бөріміз де куә болып отырғандай, аталған саладағы атқарылған шаралар аз емес. Ғимараттардың күрделі жөндеуді қажет еткен бөлігі толық жөнделді, ағымдық тапсырмалар да орындалды. Және алдағы күндері университет орталық шағын АТС жүйесіне қосылатын болады.

Мәжілісте ХХХ ғылыми-әдістемелік конференцияға дайындық туралы әдістемелік бөлімінің бастығы Қ.Тоқсейітов хабарлама жасады. Халықаралық конференцияның өткізілуі ақпан айына жоспарланып отыр. "Университеттік білім беру және қоғам үшінші мыңжылдықта" деп аталатын халықаралық конференцияға шетелдік

әріптестерді шақыру шаралары қолға алынууда.

Университеттің жас ғалымдар кеңесінің жұмысы жайлы аталған кеңес төрайымы Д.Асанова хабарламасында жас ғалымдар жайына кең тоқталды. Ол атқарылған жұмыстармен қатар, жас ғалымдарды қолдау мен олардың шығармашылық табыстарын лайықты насихаттау мен жариялауға көмек көрсетілуіне назар аудару келе кандидаттық диссертация қорғаушы жастардың азайып бара жатқанына алаңдаушылық білдірді. Ғылыми жұмыстары жақсы бағаланып жүрген жастарды жұмысқа орналастыру, олардың әлеуметтік мәселелерін шешуге жәрдемдесу, тағы басқа қажетті шараларды жүзеге асыру мақсатында университеттің Ғылыми кеңесімен байланысты нығайту атап көрсетілді.

ҚазМУ-дің баспасөз қызметі.

## М.К.Орынханов:

### “Университет ең алдымен студент мүддесіне қызмет етуі керек”

19 қыркүйек күні ҚазМУ-дың оқу ісі жөніндегі проректоры Орынханов М.К. студенттердің кәсіподақ ұйымының мүшелерімен кезекті кездесуін өткізді. Соңғы уақытта дәстүрге айналған мұндай кездесулер үстінде студент жастарды толғандыратын өзекті мәселелер ашық талқыланып жүр.

Бұл жолғы әңгіменің арқауы 1999 жылдың жазғы сессиясының жалпы көрсеткіштері болғанымен, студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының нашарлап кетуі, стипендияның қысқартылуы, оқу процесіне қажетті құрал-жабдықтардың жетімсіздігі, әр сессияның сапалы өткізу мүмкіндіктері секілді тақырыптар да назардан тыс қалған жоқ. Бұл әңгіменің түйінін нақты қорытындылар болсақ:

- 1999 жылғы жазғы сессияны мемлекет есебінен оқытын күндізгі бөлім студенттерінің 81%-і, ал ақылы бөлімде оқытын студенттердің 50%-і ғана өз уақытында тапсырған.

- ҚазМУУ студенттерінің 45%-і ғана стипендиямен қамтамасыз етіледі. Стипендия алатын студенттердің тізімін әр факультет жанынан құрылатын стипендия тағайындаушы комиссия анықтайды. Тізімге ең бірінші үздік үлгерімді студенттер, олардан кейін асыраушысынан айырылған және ата-анасы бірдей жұмыссыз студенттер енетін болады.

- Алдағы уақытта әр факультет деканы өз студенттерімен ашық әңгіме алаңында кездесіп тұруды дәстүрге айналдыруы тиіс. Мұндай әңгімелер үстінде оқу процесінің сапасы мен студенттерді толғандыратын мәселелер екі жақты келісім арқылы шешіліп отырады.

- Студент университет үшін емес, университет студент мүддесіне қызмет етуі

керек. Қазір кәсіподақ мүшелері студенттердің өзін-өзі басқару принциптерін қалыптастыруды ойласуда. Бұл принциптер жоғарыда келтірілген қағидаға сүйене отырып жазылатын болады.

- 1999 жылы мемлекеттік бюджет есебінен (грант, кредит) оқуға қабылданған студенттердің стипендия алу-алмау мәселесі өлі шешілген жоқ.

- Оқытушылардың өз кітаптарын студенттерге күштеп сату әрекеті - паралаудың жасырын көрінісі.

- ҚазМУУ студенттері үшін оқу-үйрену әдіс-тәсілдері, оның ішінде интернет-зал тегін қызмет көрсетуі тиіс.

- Бұдан былай ҚазМУУ-дың еңбекпен қамтамасыз ету қызметі университет бітірушілерден бөлек студенттердің де қосымша табыс көзі болатын немесе өз мамандығына сай жұмысқа орналасуына қол ұшын береді

- Ең бастысы, студенттерді толғандыратын мәселелерді шешу олардың өз қолында. Ол үшін студенттер университеттің ішкі саясатына белсенді түрде қатысып отыруы керек.

**Студенттердің өзін-өзі басқару принциптерін қалыптастыруға “Қазақ университеті” өз үнімен үлесін қосуға бел шешіп отыр. Барлық студенттерді ашық әңгіме алаңына шақырамыз!**

Г.ОМАРОВА.

## Чэнь Циминь:

### “Мне показалось, что ваши студенты...”



20 сентября прошел семинар организованной кафедрой международной журналистики. На котором перед студентами выступили директор агентства новостей Китая “XINHUA” Чэнь Циминь.

Цель семинара - познакомить наших студентов с Китайской журналистикой. Интерес к лекции проявила лишь половина аудитории, другая находилась в пассивном настроении. Из этого мистер Чэнь Циминь сделал вывод:

- Возможно я ошибаюсь, но мне показалось, что ваши студенты еще не уверены в себе. Причины этого - смутное представление будущего. В Китае молодые люди более активны и планируют свою жизнь на несколько лет вперед.

Некоторые студенты заинтересовались возможностью в будущем поработать на Китайские масс-медиа. Приятно сознавать, что возможно в будущем наши журналисты могут позаниматься опытом работы у зарубежных коллег и внести в отечественную прессу много нового и интересного.

Айнур КАРГАЛИНОВА

**В последних числах августа в спортивно-оздоровительном лагере КазГУ на озере Иссык-Куль по инициативе и прямом участии председателя профсоюзного комитета КазГУ Ляйли Сейсенбековны Ахметовой был проведен очередной семинар по демократизации общества.**

После семинара “Фандрайзинг” иску-

ство поиска и нахождения средств для творческой и предпринимательской деятельности общественных организаций напрямую связано с адаптацией личности в нелегкой экономической ситуации. Тема заинтересовала многих, поэтому в семинаре участвовали профсоюзные лидеры и работники как государственных так и неправительственных структур Алматы и Астаны.

Особо следует отметить такой факт, что семинары, проводимые Л.С.Ахметовой, имеют очень высокий рейтинг среди широкой общественности Республики, потому что помогают людям работать не только теоретические, но и практические знания.

Нарбинь КЕНЖЕГУЛОВА,  
участница семинара.



# Жаңа жүйе. Артықшылығы бар, кемшіліктен де ада емес

**Соңғы алты айдың ішінде БАҚ-тарда көп айтылып, жазылып жүрген негізгі тақырыптардың бірі - биыл жаңа жүйеге көшірілген абитуриенттерді оқуға қабылдау мәселелері. Кез-келген бастама секілді, бұл жүйенің де өзіндік артықшылықтары да, кемшіліктері де жетерлік. Студенттердің төл газеті "Қазақ университеті" де бұл тақырыпты айналып өте алмайды. Біз бұл жолы осы істің басы-қасында болған жетекші мамандар мен жаңа жүйе бойынша оқуға қабылданған алғашқы студенттердің пікірлерін топтастырып беріп отырмыз.**

## Мамандарға қойылған сұрақ:

Биылғы оқуға қабылдаудың жаңа жүйесінің қандай ерекшеліктерін атап көрсетер едіңіз?

**Болат Мұхамедиев** Метайұлы, ҚазМУУ аймақтық қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы:

Қабылдау комиссиясы қызметкерлерінің негізінен тек атқарушы функцияны жүзеге асыратындығы белгілі ғой. Құжат қабылдау, қағаз толтыру, әр абитуриентпен жұмыс істеу салмағы бізге түседі. Жаңа жүйенің жетілмеген тұстары көп, әсіресе оны іске асыру технологиясы өзiрге ақсап тұр. Талапкерлердің жеке қағазында кеткен қателер компьютерге бірден енгізілгендіктен, оларды тексеру немесе өңдеуге біздің мүмкіндігіміз болған жоқ. Сондықтан да тест қорытындысы шыққаннан кейін белгілі болғанындай, кейбір талапкерлердің тізімнен аты-жөндері түсіп қалуы немесе жеке кодының ауысып кетуі секілді түсініспеушіліктер кездесіп тұрды. Мұның бәрі қабылдау комиссиясының жұмысына едәуір кедергі жасады.

қолдарына беріледі. Осы орайда талапкерлер өтініш толтыруда көп қате жіберді, оны кейін жөндеуге болмайды. Бұрынғы жүйеде мұндай олқылықтар кездеспейтін. Себебі, өтініш қолмен жазылып, техникалық хатшы оны компьютерге өзі басып енгізетін, қате емтиханға дейін түзетілетін. Ал бұл жүйеде құжаттардағы мәліметтердің дұрыс-бұрыстығын тексеру механизмі қалыптастырылмаған. Кейде емтихан өткізілетін аудитория номерлерінің, пән шифры, талапкер кодының ауысып кету жағдайлары кездесті. Бұрынғы жүйеде компьютердегі мәліметті, өзара тексеретін механизм (3 түрлі жол арқылы) жұмыс істейтін. Талапкерлер туралы барлық мәлімет (әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, үлгерімі т.с.с.) бір құжатта көрсетілетін. Ал биыл ол мәліметтердің бәрін қосымша параққа қосып жазып отырдық. Бір мамандықтан екінші мамандыққа құжат ауыстыру да биылғы жүйе бойынша қиындық келтірді. Осы қиындықтардың бәрі де тек қабылдау комиссиясының мойнына жүктелді. Алматы қаласында жұмыс істеген 5 аймақтың комиссияларының ішінде ең көп құжат қабылдаған біз болыппыз. Қала бойынша жалпы саны 7 мыңнан астам құжат тапсырылған, оның 4,5 мыңы ҚазМУУ аймақтық қабылдау комиссиясына келіп түсті. Бірақ, басқа аймақтық комиссияларға да, бізге де берілген мүмкіндіктер (техникалық және адам ресурсы) бірдей болды. 1996 жылы 5 мыңға жуық құжат қабылдағанда да осынша қиналмаған едік.

**Құныпия Алпырбаев,** ҚазМУУ-дың аймақтық қабылдау комиссиясының жауапты хатшысының орынбасары:

- Оқуға қабылдау жүйесіндегі негізгі өзгерістер белгілі. Бұрын әр оқу орны жеке-жеке құжат қабылдайтын болса, биыл бұл процесс бір орталықтан қадағаланып отырды. Қабылдау белгілі бір аймақ бойынша министрлік белгілеген қалада құрылған аймақтық комиссиялардың жұмысы арқылы жүзеге асты. Біз негізінен ғылыми, гуманитарлық бағыттағы мамандықтарға құжат қабылдадық. Үлкен көлемдегі құжат қабылдау алғаш рет жүргізілгендіктен бұл істе де, емтихан алуда да көп қиындықтар болды. Министрлік дайындаған құжат қабылдау тәртібі бойынша абитуриенттердің аты-жөні тізімделеді, өтініш компьютерлік жүйе бойынша жеке параққа толтырылады. Әрбір талапкерлерге жеке қолы, қай күні, қай аудитория, қай сағатта емтиханға кіру қажеттілігі жазылған қағаз

**Әміров Рақыш Сәтұлы,** ҚазМУУ апелляциялық комиссиясының төрағасы:

- 1999 ж. шілде айында қабылдау емтиханында бақ сынағандардың (ҚазМУ аймағы бойынша) жалпы саны 4373 болса, оның 511-і әр түрлі себептермен апелляциялық комиссияға арыз-шағым түсірді. Олардың 400-і мемлекеттік грант пен кредиттік жүйеге, 111-і ақылы оқу жүйесі бойынша құжат тапсырған. Келіп түскен шағымдардың барлығы комиссияның сараптауынан өтті, бірақ

қанағаттандырылғаны тек 20%-ті ғана құрайды. "Қалған арыз-шағымдар неге жауапсыз қалды" деген сұраққа келер болсақ, олардың апелляцияны талап етудің жалпы ережелеріне сай болмағандығын айтуға мәжбүрміз. Апелляциялық комиссияға шағым тапсырған талапкер нақты мәселелерді ғана тілге тиек етуі керек. Мысалы, қандай пәннің қай тапсырмалары немесе сұрақтарына байланысты күдігі бар екендігін ашып көрсетуі керек. Ал бізге келген шағым жасаушылар тест сұрақтарына берілген жауаптардың дұрыс-бұрыстығын түгел қайта тексеріп шығуды талап етеді. Ал оңдай құқық бізге берілмеген. Сондықтан біз мұндай шағымданушылардың арыздарын қанағаттандыра алған жоқпыз. Емтихан нәтижесі белгілі болған кезде, 100 шақты талапкер өз аты-жөнін тізімнен таба алмай бізден көмек сұрап келді. Біз олардың шағымдарын негізге ала отырып, талапкердің арыздағы қолы мен жеке парағындағы қолын салыстыра келе әрқайсысының жауап қағазын тауып бердік. Ал кейбір талапкерлер тест сұрақтарының өзінен қате тауып, пәннің аты, сұрақты көрсетіп беріп отырған жағдайда кейбір сұрақтардың нақты бір ғана дұрыс жауабының болмауына байланысты, әр бұрыс сұрақ үшін шағымданушыға 1 балдан қосып отырдық. Жалпы алғанда, биыл апелляциялық комиссияға шағымдардың дені тест сұрақтарының сапасыздығына байланысты болды. Меніңше, сапасының сын көтермейтінінен бөлек, тест сұрақтары өте жеңіл, асығыс жасалған. Үстірт. Оларды неғұрлым күрделендіріп, әр пәннің мән-мазмұнын ашатындай етіп жасау керек.

## Студенттерге қойылған сұрақ:

1. Биылғы оқуға қабылдау жүйесі туралы пікірің қандай, қабылдау процесі әділдік принциптеріне толық жауап берді деп ойлайсың ба?

**Әділбекова Әйгерім,** филология факультетінің 1-курс студенті (120-дан 100 балл жинаған):

- Биыл оқуға қабылдау жүйесі жылдағыдан өзгеше болды. Бұл жүйені жаман деп айтпаймын. Оқуға қабылдау басталардан бір ай бұрын Республикалық тест орталығы талапкерлерге арнап тест сұрақтарын кітап етіп шығарды. Сол кітап бойынша дайындалдым. Бірақ онда кейбір сұрақтардың дұрыс жауаптары мүлде жоқ болды. Емтихан жақсы өтті. Бірақ емтихан нәтижесі тым көш шықты.

(Жалғасы 5-бетте)



## Наш блиц-опрос:

## Проблема

## Легко ли найти работу?

С целью блиц-опроса в рамках программы "Рабочее место для молодежи" мы обратились к студенту 1 курса факультета международных отношений.

**Корр.:** - Канат, почему ты выбрал как будущую профессию именно международные отношения и трудно ли тебе было сделать свой выбор?

**Канат:** - Определиться мне было легко, потому что единственная вещь, о которой я мечтал - это международные отношения.

**Корр.:** - Как ты думаешь, легко ли тебе будет после окончания университета найти работу?

**Канат:** - Я её уже нашел. Буду сотрудником Международной Организации "ИНТЕРПОЛ".

**Корр.:** - Поздравляю, несмотря на то, что ты учишься еще на 1 курсе, у тебя уже есть рабочее место. А как ты думаешь, легко ли молодежи сейчас найти работу?

**Канат:** - Это с какой стороны посмотреть. В принципе, везде сейчас стараются принимать только молодые кадры, но тем не менее устроиться на работу очень тяжело. Если у тебя есть уважаемые родители, то ты, конечно, будешь работать на хорошем месте и у тебя не возникнет с этим никаких проблем. А самому очень тяжело продвигнуться в жизни.

**Корр.:** - Но как же быть тем ребятам, у которых нет, как сейчас говорят, "толкача"?

**Канат:** - Я даже не знаю. Государство должно беспокоиться о занятости молодых кадров. Поэтому нужно, прежде всего, изменить экономическую ситуацию в стране...

Бибигуль ДЖУСАНГАЛИЕВА,

Біреу бос уақытты пайдаланып саяхатқа шығады, ел, жер таниды, енді біреу қосымша табыс көзі боларлық уақытша жұмыс істейді. Ал біраз студент алыс ауылдағы өке-шешесінің мауқын басу үшін туған жерге аттанады. Бір сөзбен айтқанда өркім қал-қадірінше күнін көреді.

Уақытты тиімді пайдаланудың жолы көп. Қазіргі студенттер мұны өте жақсы түсінген. Екі ай-

көрінетініне менің көзім жетеді; олардың мұндай ой ойлауға уақыты да жоқ. "Қол ұшын созсаң, өзің білесің. Әрине барлық кезеңдердегі жастар секілді олар да көмекке, қамқорлыққа зәру. Бірақ өздерінің алдындағы ұрпақ секілді жоғарыға жалпақтауды ақымақтық санайды. Қазіргі жас губка тәріздес (Онере де Бальзак. "Гобсектен" алынған теңеу) қалыптасқан жағдайдан

## Проездные в сентябре

С началом каждого учебного года учащимся КазГУ им. аль-Фараби меняют студенческие билеты прошлого курса на новые. Это прекрасная идея: нет затрепанных студенческих корочек, простые новенькие ламинированные карточки как и во всех европейских институтах. В момент обмена многие получают студенческие справки.

Но у каждой медали две стороны. Обратная сторона этого обмена - это проезд в транспорте. В автобусах особых проблем не возникает: кондукторы доверчиво относятся и к справкам и зачеткам. В троллейбусах на проверки проездных у студентов доходит до скандала. Кондуктор объясняет, что данная справка или студенческий билет прошлого курса недействительны и требует заплатить штраф. Кто-то все-таки платит штраф, а другим остается выйти из троллейбуса, чем и объясняются массовые опоздания на занятия.

Как объяснили в Городском Управлении транспортных коммуникаций справки КазГНУ им. аль-Фараби и других ВУЗов г. Алматы с росписью декана, печатью и фотографией действительны с проездным в любом транспорте. Никакого штрафа, если есть документы, студент платить не должен. При оплате не штрафа большинство кондукторов не дают никакой квитанции - деньги идут неизвестно куда.

А студентам КазГУ приходится только лишь ждать новые студенческие билеты с начала каждого нового курса.

Анна КАТЮК

Бүгіндері басынан бағы тайған бұрынғы кеңестік дәуірде өзгелермен терезесі тең студент деген қауым өмір сүріпті. Еліне сыйлы, әрі зиялы студенттер қауымы тоғыз ай бойы білім нәрінен емін-еркін сусындап, жадыраған жазда кебіреулері туған ауылының таза ауасында демалуға, ал кейбіреулері құрылыс отрядтарын құрып, ауылдық жерлерде зәулім ғимараттар салуға аттаныпты. Енді біреулері қазақстандық миллиард тонна астықты жинауға

## Студент: кеше, бүгін және ертең

қатысыпты. Сөйтіп жыл сайын жазғы каникулда ерен еңбегімен елінің болашағына лайықты үлесін қосып, "Бүгінгі студент - ертеңгі болашақ маман" деген атқа сай өмір сүріпті. Бұлар біздің қазіргі ата-аналарымыз.

Ал, нарық заманындағы студенттер, біздер қандаймыз? Бұрынғы гүлденген ауыл-селолар қазір азуға айналған. Ауылда да, қалада да қаптаған жұмыссыздар. Ата-анасы жұмыссыз студенттің жағдайы белгілі. "Шықпа жаным, шықпа", деп жүрген қарны аш студенттің миына білім қона қоймас.

Құрылыс отрядын құрып немесе миллиард тонна астық жинау үшін еңбек семестріне аттанатын бұрынғы заман жоқ. Құрылыс салатын елді мекен де жиналмай жатқан астық та жоқ. Еңбектеніп қаражат табайын десе, жұмыс жоқ. Сонымен жазғы каникул кәңілісіз өтеді. "Бүгінгі студент - ертеңгі маман, бар жақсымыз студентке бұйырсын", деп жатқан ешкім жоқ. Сөйтіп үйде де, далада да, қалада да қорғансыз, қамқоршысыз қалғандар - бүгінгі студенттер.

"Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп, сақалынан айрылыптының" кебін киген бүгінгі студенттер қауымының стипендиясы "қысқартуға" ұшырап, жоқ болды.

Сонымен, бүгінгі студенттің қолына диплом тиіп, мамандығы бойынша жұмыс істеуіне де қамқорлық жасалатыны, жасалмайтыны белгісіз. Сонда осы біздер, студенттер, елімізге қажетпіз бе, жоқ па?

Ғалия БАЙМАҒАНБЕТОВА

## Жазғы демалысың қалай өтті?

дың ішінде жұмыс іздеп, тәжірибе жинақтап, түрлі курстарда оқып немесе туған-туысты бір көріп қайту мақсатында жолға шықса да сол уақыттың әрбір сәтінен неғұрлым молырақ әсермен сабақ алып шығуға тырысады. Қазіргі жастар үшін "біздің демалыс күндерімізді дұрыс ұйымдастыруды қолға алмады" немесе "бізге деген қамқорлықты сезіне алмай жүрміз" дегеннің өте тосын

өзіне қажетті дүниені іздеп жүріп өз бойына сіңіреді, жинайды, бірақ сонысы үшін ешкімге ризашылық білдіруге тиіспін деп есептемейді.

Бұл - мемлекет пен жеке азаматтар арасында енді орнай бастаған еркін (тәуелсіз) қарым-қатынастың көрінісі болар. Қай формацияда болсын, "заманына қарай адамы" емес пе?

ГҮЛБИҒАШ



(Жалғасы. Басы 3-бетте)

Кәкейқызы Жәнібек (120-дан 62),  
Жақсылыққызы Айбарша (120/69),  
Халықаралық журналистика бөлімінің 1-  
курс студенттері:

Тест арқылы емтихан тапсыру әдісімен біз мектепте оқып жүргеннен таныспыз. Бірақ, сонда да 3 сағаттың ішінде төрт түрлі пәннен 120 сұраққа жауап беру қиынға

сол жердің аймақтық комиссиясына тапсыруға болатын еді, бірақ жергілікті оқу орындарында жең ұшынан жалғасудың болмайтынына сене алмадық. Емтихан тапсырғаннан кейін бір ай бойы нәтижесін күтіп Алматыда жүре тұруға тура келді. Менен басқа шет аудандардан, облыстардан келген талапкерлер көп болды, ауыл баласы үшін мекен-жайды табудың қаншалықты қиын екендігі белгілі

табыңыз" деген сұрақтың барлық жауабында да дұрыс жауап жоқ болып шықты. Себебі, келтірілген сөйлемдер тек екі жай сөйлемнен құралатын салалас және сабақтас құрмалас сөйлемге жататын. Осы тектес сұрақтарға талапкер қалай жауап беруге тиіс?

Біздің байқағанымыз, биылғы талапкерлер де, олардың ата-аналары да жаңа жүйенің іске асу барысын, оның мақсатын, талапкерлер үшін тиімді тұстарымен жеткілікті түрде таныс болмаған. Өйтпесе, сонау Шымкент, Қызылорда облысынан ат арылтып келіп құжат тапсырып, емтихан нәтижесін күтіп 1 айдан астам жіпсіз байланып жатудың не керегі бар? Немесе апелляциялық комиссияға қай мәселемен қалай бару қажеттігін анық білсе, кез-келген талапкер өз жауабының дұрыстығын дәлелдеп шығуға мүмкіндік алар ма еді? Тест сұрақтарының сапасыздығы бөлек әңгіме. Егер Астанада дайындалған нұсқаларынан талапкердің өзі қате тауып жатар болса, тест сұрақтарын тест орталығының жергілікті өкілдіктерінің дайындағаны дұрыс болар?

## Жаңа жүйе. Артықшылығы бар, кемшіліктен де ада емес

түсті. Уақытында үлгереміз деп асыққаннан әдебиет пәнінің 5-6 сұрақтарының жауабын таңдап пәні сұрақтарына жазып, біраз қателік те жіберіп алдық. Мектепті бітіргеннен кейін бір ай бойы бас алмай дайындалдық, бірақ оқуға түсе алмай қаламыз ба деген қорқынышымыз ең соңғы шешуші сағатқа дейін сейілген жоқ. Әсіресе, емтихан нәтижесін бір ай бойы күту біз үшін ең үлкен сын болған шығар.

Жаңа жүйе бойынша қабылданып жатқан тағашқы студенттер біз болғандықтан үрексінуімізге қоса осы оқу орнына түсе алмай қалсақ, басқа мамандық бойынша тағы бір рет бақ сынап көруге үлгері алмай қаламыз-ау деп те қобалжыдық. Биыл оқуға қабылданғандардың көпшілігі өз күшімен түсті деп ойлаймыз, бірақ көптеген ата-аналардың жаңа жүйенің әділдігіне сенбей балаларын бірден ақылы оқу орнына апарғанын да көрдік...

**Сарыбаева Индира, социология бөлімінің 1-курс студенті (120/49):**

- Жалпы процесс әділ өтті деп ойлаймын. Әсіресе биыл ауыл балаларына арнайы квота бөлінгеніне ырза болдық. Мен Қызылорда облысынан келіп түстім,

ғой. Тағы бір ескерте кететін жайт, емтихан үстінде есікке қойылған тәртіп сақшыларының кіріп-шығып, тамыр-тамыр-таныстарына көмектесіп жүргендігі бізді қайран қалдырды. Ал келесі жылғы талапкерлерге айтарым - алдын-ала дайындалған тест сұрақтарын түгел қарап шықсам болды деу бос әңгіме, одан да өзіңнің жүйелі түрде кітаппен дайын-далғаның дұрыс. Біз Республикалық тест орталығы шығарған әр пәнге қатысты тест сұрақтарын 1000 теңгеге сатып алдық, ал емтиханда сол сұрақтардың жүзден бірі ғана кездесті. Оның үстіне ол сұрақтардың өзі өте үстірт дайындалған, бір сұрақтың кейде 2-3 дұрыс жауабы болады.

**Теженбаева Айнұр, 1-курс студенті (120/70):**

- Мен тек тест сұрақтарына байланысты сөз қозғасам деймін. Қазақстан тарихы пәніне арналған сұрақтар негізінен ғылыми бағытта болды. Тіпті, мектеп бағдарламасына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын тақырыптар да кездесті. Ал қазақ тілі пәнінің сұрақтарының өзінен қате байқалды. "Аралас құрмалас сөйлемді

Жаңа жүйе бойынша оқуға қабылданғандар:

Мамандық	Грант пен кредит саны
Экономика	290
Халықаралық қатынас	51
Механика-математика	155
Химия	57
Биология	112
Зан	62
Философия және политология	92
География	71
Журналистика	46
Филология	83
Тарих	75
Физика	79
Шығыстану	47

Әзірлеген Гүлбиғаш ОМАРОВА

Шындығында, министрліктің бұл бастамасы үкімет шешімдерінің ішіндегі ең өміршеңі болып көрінеді. Өйткені, ел көңілінен шығатындай лайықты тұстары көп тәрізді.

**Біріншіден**, бүгінгі білім саласының шіріген құртына айналған жоғары оқу орындарының басшылары мен олардың айналасына топтасқан аса сенімді өкілдерінің жыл сайын жаз айларында "асап" қалатын қара халықтың қаржысы заңды түрде мемлекет қалтасына құйылуда. Ал тест орталығы мен республикалық конкурс комиссиясы анау-мынау ректордың да қолы жете бермес биікте. Яғни, оқуға қабылдаудың жаңа жүйесінің ең басты және негізгі жетістігі - өз білімімен қалаған мамандыққа түсуге кең мүмкіндіктердің ашылуы.

**Екіншіден**, республика бойынша жалғыз және бірегей конкурс комиссиясының болуы Қазақстанның барлық түкпіріндегі талапкерлердің мүмкіндігін теңестіреді. Олардың өзара бәсекеге түсіп, ең білімділерін географиялық тұрағына қарамастан таңдауға жол ашылады. Сонымен қоса, мұнда республика аймақтарындағы білім берудің жалпы деңгейін көрсететін социологиялық мәліметтер де өз-өзінен шыға келеді. Мысалы, биылғы тест қорытындалары бойынша Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстары білім беру деңгейі жоғарылардың қатарына жатқызылса, Атырау, Шығыс Қазақстан төмен көрсеткіштерге ие болды.

**Үшіншіден**, жалақының аспандап тұрған шағында талап кез-келген мамандыққа құжат тапсыруына жағдай жасалды. Бұл да әлеуметтік деңгейі төмен отбасылар үшін үлкен көмек.

**Төртіншіден**, грант немесе несиеге ие болғандар жоғарғы оқу орнын өзі таңдай алады. Бұл студенттің алдынан кең арналар

## Өміршең болғай...

ашса, өз кезегінде университет немесе институттардың білім беру үшін бар жағдайды жасауға ұмтылуына, яғни бәсекеге алып келеді. Бәсеке бар жерде ілгерілеу бар екенің нарықтың қарапайым заңы дәлелдеп береді.

**Бесіншіден**, бүкіл республика балаларының есі кірген күннен бастап жата-жастана дайындалып, көкейіне тоқуына яғни оның білімінің артуына мүмкіндік беретін бірыңғай тест сұрақтары дайындалады. Кейбір тест дайындаушылардың бұра тартуына жол берілмейді және оның ғылыми тұстарына байланысты даулар (мәселен, тарихтан белгілі бір датаға байланысты) республикалық деңгейде бірыңғай шешіледі.

Байқауымыз, мүмкін саңылау - дәл осы тестің айналасында сияқты. Сынақ өткен соң бірден жариялауына қарағанда, оның кілті "жақын маңда" болатын сияқты. ЖОО басшылығының деңгейіне дейін төмен түскен олар сауда құралына айналып кете баруы мүмкін.

Кемшіліктер қатарына ұйымдастырушылардың жай-басарлығын (бірінші жыл болғандықтан болар) айтсақ болады. Шілденің 20-25 аралығында сынақтан өткен абитуриенттерге тамыздың 14-іне дейін күтуге тура келді.

Жалпы алғанда, үкіметтің биылғы қадамы халықтан үлкен қолдау тапты. Соңғы жылдардағы халық мүддесін жан-жақты ойластырып жасалған жалғыз шешім осы сияқты. Өміршең болғай.

Мұхтар СЕҢГІРБАЙ



10 қазан - Сайлау күні

## Ұлтжанды кандидат...

Сайлау науқаны басталды. Ертеңі үшін елендеген ел құлағы түрүлі. Ондаған сенаткер, жүздеген мәжіліскер, мыңдаған мәслихаткерлер депутаттық мәртебе үшін айтысқа да, айқасқа да түсіп кетті. Олардың арасында көпшіліктің көзтанысы да, баршаның бейтанысы да бар. Бәрі де мемлекетіміздің мүддесі, халқымыздың болашағы үшін күресеміз деп қызылкенірдек. Сөздеріне қарасақ, бәрі де сауатты. Бәрінің де байрақ етіп көтерген бағдарламасы бар. Жалаулатқан жарнамасы, айғайлатқан жарнамасы одан зор.

Мейлі ғой. Уақыт талабы, ағым сұранысы солай шығар.

Бізді толғандырған әсіресе олардың бағдарламасы мен жарнамасы, жалдамасы мен жолдамасы емес, бойындағы қаны мен жаны болып тұр. Ұлттық мүдде тұрғысынан байыптасақ, халықтың қалаулысы боламын деушілердің арасында ұлттәнділер, ұлтжандылар да, ұлтқандыларды бар. Менің ұғымымдағы ұлттәнді кім? Тәні белгілі бір ұлтқа жатады. Құжатқа сол ұлттың өкілі боп жазылады. Бірақ оның бойында өз ұлтына деген

сүйіспеншіліктің де, жанашырлықтың да нышаны болмайды. Бұндай адам тілін де, дінін де, салт-дәстүрін де қадірлемейді, қажет деп білмейді. Қара басының қамы үшін қажет кезде әлі келгенше күреседі. Басына күн түскенде ұлтын сатып кетуі де мүмкін, ал көзін тауып, көкейіне рух ұялатсаң, ұлтына қарай бет бұруы да ғажал емес.

Кандидаттар арасында ұлтжандылар да бар. Ұлтжанды азамат өз ұлтының қадір-қасиетін түсінеді. Тілінен, дінінен, тарихынан, салт-дәстүрінен хабары бар, жақсы көреді, сонысымен мақтанады, өзгелерге өз ұлты туралы жақсы сөздер айтады. Соның болашағы, тағдыры жайында ойланады. Онда ұлттық намыс, патриоттық рух, азаматтық ар-ождан бар.

Қалаулылар ішінде ұлтқандылар да бар шығар: Ұлтқанды адам бойында өз ұлтына деген сүйіспеншілік басым. Тілін де, дінін де сүйеді, тарихын оқиды, әдет-ғұрпын сақтауға тырысады. Шамасы келгенше ұлтына тән қасиеттің бәрін бойына сіңіріп бағады, қажетті жерде ұлт үшін басын отқа байлаудан қашпайды, жеме-жем-

ге келгенде атойлап атқа қонып, аттандап шабады, қарсыласынан қаймықпай жекпе-жекке де шығады. Бірақ оның күресі белгілі бір аумақтан, мерзімдік, кезендік, белгілі бір оқиға шеңберінен аспауы мүмкін. Оқиға біткен соң ол да сабасына түсіп, амалсыз "көппен көрген ұлы тойды" бастан көшіре бастайды.

Ал, енді кандидаттар арасында ұлтмәнді азаматтар бар ма?

Ұлтмәнді деп кімді айтамыз? Мұндай адамның бойында ұлтжандылық та, ұлтқандылық та ертерек дарыған, бар ғұмырын ұлтының бүгінгі мен ертеңі үшін сарп етіп келе жатқан, ақылы мен сезімі, білімі мен әрекеті үнемі, ұдайы, табанды да ауқымды күреске ғана жұмсалған, жоспарлы, сәналы түрде өз басын ұлтының болашағына арнаған парасатты патриот. Өз ісімен көзінің тірісінде де, өзі кеткен соң да ұлтының мәніне айналған, яғни есімі ұлтының атымен қай заман, қай ғасырда да бірге аталып, ұрпақ жүрегіне, санасына берік орнаған жан.

Депутаттыққа кандидаттар арасында ұлтшылдар да жоқ емес. Ұлтшыл - өз ұлтынан өзгені мойындамайтын, қатарға қосқысы келмейтін сыңаржақ саясаткер.

Сонымен, қадірлі дос, Сіз кімге дауыс бересіз?

Сағат БЕК

## Сен кімге дауыс бересің, 18 жас?

### Сөзін ісімен дәлелдесе

Біз де міне 18 жасқа толдық, енді дауыс беретін кезіміз келді. Сайлауға түсушілер көп, бәрі жан-жақтан үде беріп, халық қамын жақсартамыз, деуде.

Жалпы, менің көкейімдегі депутат ең алдымен сөзін ісімен дәлелдейтін, ел десе еміреніп, халқының қамын ойлайтын, міндетті түрде жоғары білімі бар, саясат, экономика саласын жетік игерген, мемлекеттік және халықаралық тілде жақсы сөйлей алатын, қызмет бабын өзінің жеке басының қамына пайдаланбайтын, өз елінің, жерінің тарихын, дінін білетін, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқығын аяққа таптатпайтын, ең бастысы еліне еңбегі сіңген адам болуы қажет.

Нүргүл ӘЛМЕНБЕТОВА

Қазіргі депутаттық сыңа өз кандидатураларын ұсынып отырған азаматтар мен азаматшалар онша көңілімді толтырмайды. Оған көптеген жайттар мысал бола алады. Тіпті, саяси күреске қатысы жоқ кейбір өнер адамдарына дейін

### Кімге дауыс берерімді өзім де білмеймін

сайлауға түскелі жатқанда, не ойлауға болады? Жалпы депутаттар, тек өзінің қызметіне мәз болып жүре бермей, қазіргі қиыншылық заманда халықтың қамын ойлап, ҚР үшін қызмет етсе деймін. Депутаттыққа сайланатын азамат, өзгелерден өзінің білімділігімен, ақыл-ойымен, парасаттылығымен ерекшеленіп тұруы қажет деп ойлаймын.

Аида АҒЫБАЕВА

### Ел мен жер намысы

Менің көңіліме ұнағаны - бұл жолғы сайлауда шығармашылық адамдарының да бар екендігі. Әрине, заңгер-экономистердің көбірек болғаны дұрыс. Бірақ, меніңше шығармашылық адамдары халыққа бір табан жақын.

Ел, жер намысын көбірек ойлайды. Ал мұндай депутаттар шешуші кезеңде ұлт намысын жоғары қойып, халықтың қамы үшін білек сыбана күреске шығатынына сенімдімін.

Гүлнәр МҰҚАНОВА

### Кімге дауыс беремін?

Біздің мемлекетімізде әдетке айналған ерекше бір әрекет бар: Президент сайлауы, не депутаттар сайлауы қарсаңында 1,5-2 ай бұрын теледидардан бұрын көзге көрінбеген азаматтарымыз шыға келіп, "Мен былай істеймін, осылай жасағанмын! Дауыс берсеңдер бәрі жақсы болады," - деп жаттап алған шешендігімен елді өзіне қаратады.

Мемлекетімізді қолтықтап, экономиканың қара шұңқыры-

### Менің көкейімдегі депутат

Менің ойымша депутат шыншыл, өз ойын еркін жеткізе алатын және сол арқылы соңына кісі ерте білетін адам болғаны жөн. Берген үдесінің бәрін іспен дәлелдер болса, әрине халық та оны әрқашан қолдар еді. Ол үшін алға қойған мақсаты айқын, қол жетерлік нәрсе болса, тығырыққа тіреліп тұрған елге дұрыс жол тауып берерлік айқын идеялар қозғаса, тіптен жақсы. Менің көкейімдегі депутат - халықты осы тығырықтан шығарар азамат.

И. ТАБЫЛДЫ

нан осылар шығарады-ау деген ой да туады. Депутаттық креслоға таласушылардың арасынан өз үміткеріңді таңдай бастайсың. Ойланасың, не үшін сайлаймын? - деп толғанасың. Сайлайтыныңды сайлайсың ғой, бірақ кімді?

Әлия ҚАМЗИНА



Бармасаң, келмесең...



# Бауырлар басқосуы



Қазіргі таңда қазақстандық жоғары оқу орындары әлемнің қай-қай елімен де өзара байланысын жақсартып келеді. Бұл уақыт талабынан туындаған жаңа жол. Ел мен ел қарым-қатынасы түзілмейінше тірлік түзелмейтіні белгілі. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті бұл күнде әлемнің қырықтан аса жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас орнатып отыр.



Қазақстандық қонақтар елшімен бірге

Осындай байланыстардың нәтижесінде университет оқытушылары мен студенттері тәжірибе алмасу мақсатында әр түрлі оқу орындарында болып, еліміз үшін аса қажетті маман-

негізінде ұйымдастырылды.

Екі ел студенттерінің өнер-білім байқауының жоғары деңгейде өткізілуіне Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі, қос халықтың сүйікті ақыны Мұхтар Шаханов зор ықпал етті. Фестиваль өткізілуіне тікелей қамқорлық жасаған елші мырза өзі арнайы қатысып, жастарға жалынды жырын арнады, екі ел арасындағы бүгінгі таңдағы қалыптасып отырған саяси-әлеуметтік, мәдени байланыстар жөнінде кең әңгімеледі.

Фестивальдің ашылу салтанатында сөйлеген Қырғыз Ұлттық Мемлекеттік университетінің сыртқы байланыстар жөніндегі проректоры Анвар Мокиев...



Қазақ әні қалықтап...

Мокиев атап айтқандай, қазақ-қырғыз жастарының бұл басқосуы қырғыз халқының достығын сырт көзге тағы бір та-

нытты. Ол елдегі орын алып отырған, мемлекет қауіпсіздігіне қатер төнген саяси жағдайда біздің халықтардың қандай сәтте де іргесі ажырамас бірлігін, жұрт жарастығын жария еткен фестивальдің мемлекеттік маңызы да зор деп, қазақ университеті басшылығына, студенттеріне ризашылығын білдірді.

Фестиваль бағдарламасына сай студенттер КВН, Брейнинг сайысына түсті. Сөреге алма-кезек келген командалар жалпы қорытынды бойынша тең түсті. Бұл жерде негізінен белгілі ғалым-ұстаз Г.Ш.Жамбатырова жетекшілік ететін халықаралық қатынастар факультеті студенттерінен құралған қазақстандық



Елші Мұхтар Шаханов

бізді алғаш шақыруын қуана құп алдық. Студенттердің бір-бірімен араласы ел қызметін атқарар азаматтық қарым-қатынастың берік негізін қала-



Ағайыннан ақ тілек

дар даярлау бағытында біршама жетістіктерге жетті.

Жақында Қырғыз Ұлттық Мемлекеттік университеті мен біздің университет студенттері арасында өткен жастық фестивалі бауырлас елдер жастарының жарқын жарастығын паш етті. Қасиетті Ыстықкөл жағасында желбіреген фестиваль жалауы жастар жүрегіңде жақсылық жалынын лаулатты.

Бұл фестиваль Қазақ-Қырғыз Ұлттық Мемлекеттік университеттерінің ректорлары К.Нәрібаев пен А.Борубаев қол қойған екіжақты келісім-шарт



Қырғыз студенттер

ры сөзсіз. Бүгінгі студент болашақ білікті маман десек, олардың халықаралық қарым-қатынас сипатын іштей танып-білуі үлкен сабақ болары белгілі. Бұл орайда аталмыш фестиваль өз міндетін толық атқарды, - дейді қазақстандық делегация басшысы, университеттің жалпы істер және коммерция жөніндегі проректоры Ержан Байғожаулы Жатқанбаев.

Дәстүрге айналар фестиваль жалауы келер жылы Қазақ Ұлттық Мемлекеттік университетінде көтеріледі. Оның жоспарында өнер сайысымен бірге, студенттердің ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізу де бар. Жақсы іс жалғасын табырына сенім мол.



Қырғыз ыры шарықтады

тықтың жарасымды салтанаты ретінде олардың жүрегіңде мәңгі қалары анық.

- Қырғыз бауырларымыздың



# Әлеммен тілдесер аудитория

**Қазақстан журналистерінің кәсіптік мерекесі күні журналистика факультетінің қабырғасында елең етерлік айтулы оқиға болды. Ұзақ жылдар бойы қызмет етіп келген басу машиналары ысырылып, кең де қайта жөнделген белмеден су жаңа компьютерлер орын алды.**

Тіпті арнайы столдар ҚазМҰУ-нің өз цехында тапсырыспен жасатылды. Сөйтіп, журналистер мерекеге мол тарту ғана жасаған жоқ, ертеңгі күнге сенімділіктерін, оң өзгерістерді тағы да шегелей түсті. Жаңа оқу жылының басынан "Сана" радиостудиясына да жабдығы сай компьютер қойылды. Ендігі жоспарда фотолабораторияны қазіргі цифрлік жүйеге көшіріп, әрі шәкірт оқыту, екінші жағынан жоғары сапалы қызмет көрсету де бар.

Мұның бәрі әлденеге өліктеу, дүрмекке бой алдырушылық емес еді. Оны жаңа оқу жылындағы оқу бағдарламасынан да аңғаруға болады - көптеген жаңа пәндер енгізілген, кейбірінің бағдары жаңартылған, тәжірибелік жұмыстарға ден қойылған. Яғни, болашақ журналист жаңаны жатсынбай факультет қабырғасынан біліп шығады, жәутендеп редакциялардың есігін имене ашпайды, олардың қызмет-көрлерімен тең араласып, білімі мен талантын таластыра алады. Осылай заманына сай маман даярлау күн тәртібіне өткір қойылса, оған сайманы мен жабдығы, маманы мен әдістемесі өзін тұрғаны абзал шығар.

Журналистке бірінші талант, содан кейін қалам-қағазы болса жетіп артылады деушілерге дау айтудың өзі орынсыз. Әрине, шығармашылық қиял, шабыт, сөз өнерінің жөні өз алдына, сол талантты ұштайтын, журналистке серік болып, еңбегін жеңілдететін, уақыттан ұттыратын техникалық құралдарды меңгергеннен тек кәсіби шеберлігі өседі, табиғи талантын толықтырады.

Біз информатика ғасырының соңғы табалдырығында тұрмыз. Ол дүниеге есептеу машиналары мен жаңа байланыс құралдарын өмірдің барлық саласына енгізіп те үлгерді. Мысалы, қазір журналист үшін Жер шарының кез-келген нүктесінен хабар жеткізу түкке тұрмайды, қаражаты көтерсе қосымстық байланысқа да шығып кетеді. Нақты уақытпен тілдестіре алатын Интернет ауқымы күн санап өсуде, торын қалыңдап гокуда. Электронды поштамен өз ақпараттарыңызды санаулы минутта кез-келген қашықтыққа жеткізесіз. Тіпті өте шұғыл телерадиохабарлар еш кедергісіз, өңдеусіз бірден әуе толқынына тарап жатыр.

Міне, осы жағдайда болашақ журналист төмендегілерді білікті меңгеруі қажеттілік: компьютермен өз мақаласын теріп, өңдеуі, түзетуі; оны дискет, желі немесе электронды пошта арқылы қашықтыққа беруі; Интернеттен ақпарат ала білуі; суретке түсіру машинасының болуы; байланыстың кез-келген түрін қолдана білуі; газет-журнал дизайнын түсінуі.

Факультетіміздің жаңа компьютерлік класында осы мәселелер егжей-тегжейлі оқылатын болады. Класс Интернет жүйесіне қосылған, әрі баспагерлік кешен болып саналады. Яғни, кез-келген студент, не оқытушы белгіленген сағаттарда компьютерге отырып, әлемдік ақпарат кеңістігін шарлайды, хат алмасады, өз мақаласын тереңі, суреттерді өңдейді, электронды газет-журналдармен танысады. Басқаша айтқанда, көбейтуден басқа журналистке қажетті техникалық

құралдардың бәрі қол астыңда - тек меңгере біл, ісіне пайдалан. Осыған байланысты тәжірибелік газеттерді шығаруға көп көңіл бөлінбек. Қажет жағдайда қосымша оқу, білімді жетілдіру мүмкіндіктері де жасалады.

Қазір жаңа басылыммен ешкімді таң қалдыруға болмайды. Күнде бір газет, не журнал жарық көріп жатады. Оның бір сыры - ақпараттар ағынының молшылығынан, соның ішінде Интернеттен алу мүмкіншілігінен болса керек. Екінші, техникалық құралдар едәуір арзандады, бұрын қол жетпейтін небір жабдықтар қазір самсап тұр. Үшінші, оны басқаратын компьютерлік бағдарламалар ұғынықты болды, білікті мамандар саны көбейді. Бұған байланыс жүйесіндегі жаңалықтар, ұялы телефондардың арзандауы да өз үлесін қосуда. Яғни, журналистке талантын ашу үшін, не жеке ісін дөңгелетіп ұйымдастыру үшін мүмкіндік мол, техникалық кедергілер жоқ. Енді оқу, меңгеру, күнделікті пайдаға асыру қажет.

Жаңа техникалық жабдықтар факультеттің өзі тапқан қаражаттарға сатып алынды, мұның өзі жаңа мүмкіндіктер ашылғандығынан, замана үрдісіне ілескендігінен хабарлар етер. Таяуда тағы бір қуанышты хабар алдық. ЮНЕСКО грантына тапсырған жобамыз жеңіп шығыпты. Ол қаражатты бүкіл қазақстандық журналистердің Интернет арқылы оқуына, пікір, ақпарат алмасуына, сол сияқты "САНА" телестудиясын жарақтандыруға жұмсаймыз деген жоспарларымыз бар. Жақын болашақта факультеттің өз баспаханасы, өз тел басылымдары, Интернет беті, телерадиохабарлары да болар. Бүгінгі қадамдар сол баспалдақтардың сатылары ғана.

Аязби БЕЙСЕНҚҰЛОВ

## Интернет, Интернет! Где только тебя нет!

9 июля в КазГУ, на факультете состоялась презентация 2-го интернет-зала, предосваленного университету благотворительным фондом "Евразия". Необходимо отметить, что факультет не просто так получил такой ценный подарок, а выиграл его в качестве гранта, участвуя в конкурсе.

6 сентября новый интернет-зал распахнул свои двери всем желающим. Без сомнения, он окажет хорошую службу нашим студентам и преподавателям. Тем более, что там можно не только получить подробную информацию на интересующую вас тему, но и воспользоваться услугами электронной почты и электронного каталога. Цена за всё это довольно небольшая - 60 тенге плюс необходимо иметь при себе читательский билет. И не беда, если вы совсем не разбираетесь в компьютере, опытные специалисты на местах вам всегда помогут.

Гульсум КУНЕЛЕКОВА

### Философия және политология факультетіне 50 жыл

Қыркүйектің 28-і күні "Кіші Фараби" академиясының студенттер қоғамы мен аға оқытушы Асқар Лесханның ұйымдастырумен Философия және политология факультетінің 50-жылдығына орай Философия факультетінің II-III -курс студенттері арасында кеш өткізілді.

## Болмасаң да ұқсап бақ

Жүргізуші Бұлбұл Ысқақова тапқыр да, ұтқыр сөздерімен үйіріп өкеткен кеште көптеген сұрақтар төңірегінде екі топ арасында пікірталас жүргізілді. Соның ішінде "Адам бойындағы игі қасиеттер жас кезде үлкен үрдіспен дамиды" деген сұраққа III-курс студенттері Ернұр Жапаров, Бақыт Абылхановалар түрлі философиялық анықтамалар берді. Кешті "Студенттік өмірдегі жастық бейне" атты тақырыптағы сайыс жалғастырды. Мұнда әзіл-қалжың, студенттер өмірінен алынған қызықты Емтихан көрінісі көрсетілді. Кештің соңы Мұқағали ағамыздың Б.Ысқақованың орындауындағы "Үш бақытым" атты өлеңімен аяқталды.

Айнұр АСАНБЕРДІ





## Роль новых компьютерных технологий в формировании информационной культуры студента

Благодаря стремительному развитию компьютерных технологий, становится реальностью то, что казалось невероятным несколько лет назад - люди разных стран имеют доступ к самой разнообразной информации в любой точке планеты, обмениваются ею друг с другом и даже общаются в режиме реальной времени. Создается впечатление, что законом жизни в наше время становится утверждение Н.Винера: "Действительно жить - это значит жить, располагая правильной информацией". Но для этого необходимо знать правила навигации по огромному океану доступной информации и обладать определенной культурой для отбора необходимой информации.

Уровень информационной культуры современного человека определяется многими критериями: его умением формулировать свою потребность в информации, знанием общедоступных источников информации и умением пользоваться ими, умением эффективно искать, оценивать, использовать информацию и создавать качественно новую. Безусловно, каждому человеку сегодня необходимо компьютерная грамотность и опыт практического использования компьютеров.

К сожалению, уровень информационной культуры некоторой части студентов низок. С одной стороны, это объясняется недостаточным внедрением информационных технологий во все сферы жизни и деятельности человека, а с другой - отсутствием системы подготовки грамотных потребителей информации. Особенно это касается студентов, которым приходится работать с большим объемом информации.

Сегодня в связи с ускорившимися процессами информатизации общества, системой

образования ставится новая цель - формирование у студентов стиля мышления, адекватного требованиям современного информационного общества, воспитание информационного мировоззрения. Суть реформы образования в том, что обучаемому становится доступным гигантский объем информации в базах данных, в справочниках и энциклопедиях. В настоящее время доступа к такой "электронной" информации для широкого круга пользователей нет.

Роль современной библиотеки многократно возрастает: передать молодым людям ранее накопленные знания и подготовить их к жизни в условиях быстрого накопления информации в так называемом информационном веке. Выполнение этих задач возможно лишь при использовании современных компьютерных технологий в библиотеке. Компьютеризированная библиотека для студентов сегодня выполняет особую миссию - обеспечивает их оперативный доступ к информационным ресурсам и одновременно является центром воспитания информационной культуры.

Начинается она на занятиях "Основы библиотечно-библиографических знаний", которые библиотека проводит со студентами. Современный студент должен понимать важность информации и задач ее хранения, систематизации и передачи, а также особую роль компьютеров в решении этих задач.

Использование новых компьютерных технологий в библиотеке - это способ получения информации, пример ее эффективного хранения и распределения.

Один из важных моментов информационной культуры - знание информационных ре-

сурсов при возможности получить свободный доступ к ним. В ряду организаций, которые занимаются сбором, хранением информации, только библиотеки предоставляют бесплатный доступ. В виде электронного каталога, библиографических баз данных студенты в настоящее время получают доступ к местным ресурсам. Но есть надежда, что в скором будущем будут созданы библиографические информационные сети и по каналам связи информацию о книгах студенты смогут получить и из других библиотек города. Но уже сейчас выход на источники информации СНГ и дальнего зарубежья обеспечивают CD-ROM, ИНТЕРНЕТ. Библиотека имеет энциклопедию Кирилла и Мефодия, энциклопедию этикета на CD-ROM, а также учебное пособие "Говорим по-казахски" и другие дисциплины.

Основа информационной подготовки студентов - их умение грамотно работать с новыми информационными технологиями и в первую очередь в ИНТЕРНЕТЕ, который требует развитых специализированных навыков. Интернет-зал, который открыт в библиотеке в начале 1997 года, обеспечил студентам не только доступ к глобальной информационной сети, но и дал возможность приобрести навыки работы с базами данных. В настоящее время Интернет-зал - значительно расширился за счет спонсорской помощи Фонда Евразия. Теперь библиотека имеет свою WEB - страницу, где размещается информация о трудах сотрудников ППС по адресу: <http://kazsulib.uni.sci.kz>.

В результате внедрения новых компьютерных технологий в информационную работу мы не только расширяем поле деятельности в поиске материала, но надеемся, и готовим грамотных и активных пользователей, умеющих работать с любыми информационными ресурсами, и с помощью которых они станут действительными профессионалами в области избранных профессий.

Е.Д.АБУЛКАИРОВА,  
директор Научной библиотеки  
КазГУ им.аль-Фараби

Существует такое мнение, что в университете преподаватели не объясняют, как в школах, стараться, чтобы студенты поняли тот материал, который он им дает. Их главная обязанность - просто прочесть необходимые по программе лекции, а понял студент-не понял, успел или не успел записать - это их не интересует. В принципе, это правильно. Но как показали результаты опроса самих студентов, такой метод не действует. По крайней мере, в нашем университете.

Для студента важно, чтобы лекции были правильно и ясно построены, чтобы они были интересны, чтобы интересна была сама подача материала. Тут-то и начинается проявляться личность преподавателя, его качества и как руководителя, и как человека, знающего свой предмет от и до, и просто как Че-ло-ве-ка.

Преподаватель должен не просто знать предмет, но и доступным, грамотным языком донести свои знания до учащихся. Ведь все это возвратится с лихвой, так как, во-первых, если студент заинтересован, если всячески поощряется его стремление учиться, а сама учеба не превращается в однообразную, монотонный монолог, то решаются проблемы и с дисциплиной. и с успеваемостью. Почему бывает так, что на лекциях одних преподавателей всегда стоит невообразимый шум-гам, или, извините, отсутствует добрая половина учащихся, а на других парах - полная тишина, и вся аудитория внимательно слушает лектора, задает вопросы, в общем проявляет живой интерес. И дело тут не только в том, насколько строг преподаватель, но и в тех причинах, которые я перечислила выше.

Конечно, может наблюдаться и другой процесс, когда учитель "распинается" перед студентами, а они лишь еще больше нагледят, нарушая дисциплину и занимаются своими делами. Тут, конечно, я не против

## Преподаватель глазами студента

применения системы наказания для таких "бессознательных", с этим я не спорю.

Хочу упомянуть и о таком факте, как дискриминация по отношению к студентам со стороны преподавателей. Дискриминация по национальным признакам, из личных амбиций. При этом автоматически зачисляются баллы, идёт "завал" на зачетах. О таких фактах я слышала от моих друзей по университету. Понятно, что и уважения к такому преподавателю не будет. Для него студенты должны быть равны и при оценке их

ответов необходимо быть объективным и справедливым.

Может быть я да и многие студенты

слишком много требуем от преподавателей? Может принимать их такими, какие они есть, приспособляясь к их методу преподавания, к их характеру? В принципе, так и делается. Но ведь существует общее понятие "учитель". Это человек, всесторонне развитый, грамотный, который старается научить многим полезным вещам, делится своим опытом, и у которого хочется учиться.

Такого учителя студенты уважают и в разговоре между собой говорят о нем только добрые слова.

P.S. Мне могут возразить, что и студенты у нас сейчас не ахти как в отношении знаний, так и в культурном развитии. Но это уже другой разговор. Я же постаралась показать, какими я представляю себе хороших преподавателей, которых, кстати, у нас в КазГУ тоже не мало.

Гульсум КУНЕЛЕКОВА

## Так каким же он должен быть, преподаватель?



## Зейнолла Кабдолов, академик-жазушы:

... Елеуенов он бес жыл (1971-1986) Министр - Республика Баспа полиграфия, кітап саудасы мемлекеттік комитетінің төрағасы болып істеді. Обалы не керек, бұл тұста министрге төн талап та үлкен, талғам

Қазақстанда компьютерге тұңғыш кошкен шаруашылық - осы сала болды. Міне, бұл - талап, үлкен талап пен ірі мақсаттың жемісі өрі жеңісі. Шериязданның талабы айтса - айтқандай үлкен екені расқа шықты. Оған енді оның өзі де ден қойды.

... Профессор Елеуенов соңғы жылдарда өзінің ғылыми институттегі зерттеу

зәру мәселелерін талдап талғайды.

Шерияздан Елеуеновтың зерттеуші ғалым ретінде іргелі іс-әрекеттерінің тағы бір нәтижесі - "Мағжан" монографиясы. XX ғасырдың басындағы ұлы ақынымыздың шынайы да шырайлы шығармашылығын терең зерттейтін "Мағжан" монографиясы өткен жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын алды.

"Талап, еңбек, терең ой..."

Қанағат, рақым, ойлап қой!"

Абай атқан осынау бес қасиет - азаматтың бес қаруы. Қазақ ардан туған, арман қуған адамның қай жаста да "бес қаруы белінде" десе, осыны айтады. Белінде ме, жерінде ме оны білмеймін, ал осы "бес қару" түп-түгел, бір өзінде екенін досың тұрмақ дұшпаның да біледі: қызғаныш содан...

Дұшпаныңның қызғанышы үшін емес, достарыңның қуанышы үшін жаса, жасай бер, Шекен дос!

# Талап пен тағдыр

да биік, мақсат та зор болды. Мәдениеттің аталмыш саласының ең бір гүлденген кезеңі дәл осы жылдар еді, баспалар көбейді, баспаханалар көркейді, кітаптар саны мен сапасы бірдей артты, таралымы миллиондап өсті, қаламгерлер қаламақыға қарық болды, қазақ кітаптары аймақтық нәм әлемдік көрмелерде алтын алқалар тақты...

жұмыстарын университеттегі ұстаздық қызметпен ұштастырып, мұнда журналистика факультетінің студенттеріне арнап "Қазақ кітабының тарихынан" және "Кітаптану негіздерінен" тұңғыш оқу құралдарын жазып бастырды. Ал "әдебиет және ұлт тағдыры" атты көлемді еңбегі дәл қазіргі әдебиетіміздің ең бір

# Қияға қанат сермеген...

... Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Аршалы ауылында 1929 жылғы 3 қыркүйекте өмір есігін ашқан... 1951 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін тәмамдағаннан кейін, мамандығы бойынша облыстық газетте әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып еңбек еткен.

1959 жылы қайта Алматыға оралып, содан 1963 жылға дейін ҚазМУ-дің журналистика кафедрасында аға оқытушылық қызмет атқарады. 1963-1966 жылдар аралығында СОКП ОК жанындағы Қоғамдық Ғылымдар Академиясының әдебиет теориясы кафедрасында аспирантурада оқып, бітірген соң, ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасына доцент болып орналасады. 1967-1971 жылдары Қазақстан КП ОК-і-де нұсқаушы, баспасөз, радио және телевидение секторының меңгерушісі, үгіт және насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары сияқты салмақты қызметтер атқарып, көзге түседі.

Ал 1971-1986 жылдары, яғни 15 жылдан астам уақыт Қазақстанның баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі Мемлекеттік Комитеттің төрағасы, министр болып, ел үшін көп еңбек сіңіреді, батыл басшы, беделді ұйымдастырушы ретінде кең танылады. Бұдан кейін Қазақстан Ғылым Академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, жетекші ғылыми қызметкері болды.

1995 жылдан бері ҚазМУ-дің журналистика факультетінің профессор ретінде қызмет атқаруда. Әсіресе баспа ісі және редакциялау атты кафедраның, жаңа мамандықтың ашылуына мұрындық болды. ҚазМУ-де бірнеше жылдар бойы Мемлекеттік Емтихан комиссиясын

**Филология ғылымының докторы,  
профессор, Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,  
ШЕРИАЗДАН Рүстемұлы Елеуенов -  
70 жаста**



басқарып, журналист кадрларын даярлау ісіне зор үлес қосты. ҚазМУ-дегі әдебиет, журналистика мамандықтары бойынша ғылым докторы, ғылым кандидаты дәрежесін беру жөніндегі Ғылыми Кеңестердің белсенді мүшесі болып, көптеген жас ғалымдардың жолын ашып, батасын берді. Соңғы үш-төрт жылдың өзінде "Мағжан" (1995), "Кітаптану негіздері" (1997), "Қазақ кітабының тарихы" (1999) сияқты кесек кітаптарын жарыққа шығарып, 70 жылдық мерейтойын Мемлекеттік сыйлық лауреаты мәртебелі атағын иеленіп, қарсы алып отыр.

Бұл филология ғылымдарының докторы, профессор Шерияздан Рүстемұлы Елеуеновтің өмірбаяндық беттерінен алынған кейбір деректер ғана. Ал сол деректердің өзі сөйлеп тұр, өрі Шерияздан Рүстемұлының танымал ғалым, жазушы, сыншы, педагог, журналист, аудармашы, баспагер, мемлекет және қоғам қайраткері, үлкен жүректі азамат екендігін әмбеге аян етіп тұр!

Шәкен қияға қанат сермеген қыран болып та елестейді шәкірт көзіне. Қыран түпсіз шыңырау аспан төсін армансыз шарлап-шарлап келіп, асу бермес асқақ шыңға қонып, сәл тыныстап алады да қайта самғайды көк төсіне. Сол аласармас асқар биік қазақ білімінің шыңы - Қазақ Мемлекеттік университеті десе, артық айтқандық емес. Шерияздан аға өмір өткелдерінің біраз баспалдақтары сол ҚазМУ-мен байланысты болуының өзі табиғи заңдылық болар!

**Бауыржан ЖАҚЫП,  
Мерзімді баспасөз кафедрасының  
меңгерушісі, Мемлекеттік "Дарын"  
сыйлығының лауреаты**



Жанғара Дәдебаев

# Өтеген батыр

23 қыркүйекте университетімізде, М.Әуезов атындағы мәжіліс залында Өтеген батырдың 300 жылдығына арналған ғылыми-теориялық конференция өтті. Онда қазақтың белгілі ғалымдары М.Жолдасбеков, М.Ысқақбаев, А.Қасабек, М.Қойгелді, З.Ысмайыл, А.Егеубаев, А.Сейітқызы, Ш.Мәнкеев, Қ.Қаражанов, Ж.Молдабаков, М.Үмбетбаев, Н.Омашев, А.Қыраубаева, Ж.Дәдебаев, А.Бұлдыбаев, Ө.Әбдімановтар батырдың өмірі мен батырлығын, қайраткерлігін және оның әдебиеттегі, мәдениеттегі орнын, ұрпақ тәрбиесіндегі ролін талдап, саралаған құнды-құнды ойларын ортаға салды.

Батырлық деген білектің жуандығы емес. Батырлық жүректен шығады. Жүрегі жундай иленіп жатқан кісіден батырлық күту орынсыз. Халық аңыздарында Өтегеннің жүрегінде түк бар екендігі айтылады. Бұл тектен-тек емес. Енді бір аңыздарда Өтеген туғанда оның маңдайында қос мүйіз болған екен деседі жұрт. Бұл да тектен-тек емес. Бұл белгі-нышандар батырдың батырында, адамның сырттанында ғана болады. Бұл пікірде ешқандай асылық та, артықтық та жоқ. Оның үстіне мұны жекелеген азаматтар емес, халықтың өзі айтады. Ал халық айтса, қалп айтпайды.

## Нина Смирнова:

... Өтеген батыр туралы эпостық циклдағы шығармалардың екі түрі бар. Қазірге дейін есепке алынған цикл құрамы мынадай: "Өтегеннің тууы", "Өтегеннің батырлығы", "Қоныс іздеуі", "Өтегеннің көлесікті болжауы", "Жорықта", "Өтеген мен Сабалақ", "Абылайдың Өтеген өлгенде келгені", "Қарадан хан туады", "Өтегеннің Абылайдан ажырауы", "Өтегеннің Абылайға айтқан сөзі", "Өтегеннің хандарды жек көруі", "Өтегеннің нашарларға жәрдемі", "Өтегеннің қыз алуы", "Тұс жоруы", "Өтегеннің болжағышығы", "Қазына не?", "Тегене туралы", "Сұңқар шашыл жейді", "Өтегеннің мұрасы" ..

Өтеген ел қорғаған батыр ғана емес, ел үшін, елінің тәуелсіздігі мен бақытты тұрмысы үшін күрескен ірі би, қаһарман қолбасы. Елінің бақытты тұрмысы, баянды ұлашағы үшін қолайлы қоныс іздеп, жер шолу, Жиделбайсындай бақытты жайлау, құтты мекен іздеп, сол жолда арып-ашса да, азып-тозса да алған бетінен қайтпай, неше түрлі қиындықтарға төзіп, басын қатерге тігу - батырлықтың ісі емес, ел жайын, ұрпақ болашағын ойлаған елбасының, ел бастаған көсемнің ғана батылы жетіп баратын кемеңгерліктің, ақылы тасыған қайраткердің ісі.

... Өтеген батырдың болмысындағы, табиғатындағы ірілікті, танымындағы

тереңдікті, кісілігіндегі кемелдікті көрсетеді. Батырдың халық үшін қам жеген қайраткерлігі осында. Оның бүгінгі жастар үшін, ел басқарып, билік жасаймын деген, ел мен жерге ие боламын деген азаматтар үшін фибраты осы тұрғыда аса бағалы, маңызды өмірі мен өнегесі күні бүгінгі заман үшін де маңызды, фибратты Өтеген батырдың ғылыми өмірбаянын жасауды бүгінгі ұрпақ алдындағы үлкен міндет деп қарау керек.

## Есмағамбет Ысмайылов:

"Өтегеннің бабасы Сырымбет - жоңғарларға қарсы соғыстағы атақты батыр. 1635 жылы Салқам Жәңгірдің аз ғана қолымен ойрат ханы Батырдың 50 мың әскеріне өлтіре соққы берген соғысқа қатысқан. Өтеген 1699 жылы туып, 15 жасынан бастап Ұлы жүз қазақтарының жоңғарларға қарсы соғыстарына араласқан. 1723 жылғы қалмақтардың үлкен шабуылына қарсы ұрыстарда Өтегеннің жақын серіктері Тауасар, Райымбек, Мінет, Қойгелді батырлар болыпты. Осы қиын кескілескен бір ұрыстарда Өтеген қалмақтың Сабан Тайшық деген батырын өлтіріпті..."

... 1756 жылдардың шамасында Өтеген Абылайдан біржолы айрылысып, "еліме еркін қоныс іздеп табамын" деп жидан кезіп, Жиделбайсына дейін барып, ешқандай қоныс таба алмай, елге келіп, 1773 жылы 74 жасында қайтыс болады.

Өтеген батырдың өмірі мен батырлық ісі туралы Күсеп, Сүйінбай, Жамбыл, Майкөт ақындар ұзақ толғап, жыр-дастандар шығарған. Одан бергі акын-жыраулар да Өтегеннің ел үшін сіңірген еңбегін, ел қорғаған қаһармандығын жырлаған. Ел аузында жазылып алынған аңыздар Өтеген батырдың өміріне қатысты толып жатқан шындық оқиғаларды баян етеді. Олардың әрқайсысы жанрлық ерекшеліктеріне қарай арнайы зерттеуді, ғылым мен білімнің бүгінгі жетістіктері тұрғысынан қайта сараптап, қайта пайымдауды талап етеді.

## Тіл тағдыры - ел тағдыры

Жуырда студенттер сарайында Бостандық ауданы өкімшілігінің ұйымдастыруымен, "Тіл тағдыры - ел тағдыры" атты тіл мерекесі аталып өтті.

"Ана тілің арың бұл,

Ұятың боп түр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте! - деп

жап-жақсы басталғанымен, қазақта тіл туралы әсерлі пікірлер айтқан дана, ғұламаларымыз жоқтай, Македонскийдің сөзімен аяқтағаны жөн болмады.

Десек те, тілге деген жанашырлық пен құлшыныстар бары байқалды. Кешке Ұлттық Қауіпсіздік академиясы студенттері Т.Молдағалиев, Ж.Молдағалиев сияқты ақындардың өлеңдерінен үзінді келтірсе, Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің студенттері Н.Оразғалиев, Н.Бердалиева, Т.Арғынғали, Т.Нәлібай, З.Тұңғышбаева, Е.Нұрғалиев өз өнерлерін ортаға салды. Сонымен қатар, басқа ұлт өкілдері Наталья Пак, Марина Добро-нушкиналар қазақ өндерін шырқағанда таң қалмаған жан қалмады.

Х.Қожахмет, Ш.Жубатова, С.Татлыбаев өз лебіздерін білдірсе, ал Бостандық ауданы өкімшілігі кешке ат салысқан талантты жастарға "Алматы қаласы энциклопедиясы" кітабын сыйға тартты.

Ана тілімізді құрмет тұтқан бұл кештің әр жастарымыздың жүрегінен орын тапқаны анық.

М.ЖҮНІСТЕГІ

## Жастар және ХХІ ғасыр

29 қыркүйекте ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Ішкі саясат департаменті, Жастар саясаты бөлімі және "Қазақстан болашағы үшін" республикалық Жастар қозғалысының ұйымдастырумен "Қазақстан жастары ХХІ ғасырдың қарсаңында" атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Оған университетіміздің ғалымдары, аспиранттары мен магистранттары, студенттері де қатысып, өз ойларын ортаға салды. "Жастар және саясат" секциясын тарих ғылымының докторы Бурханов К.Н., "Жастар жаңа экономикалық жағдайда" секциясын - экономика ғылымының докторы Есіркепов Т.А. басқарды.

Журналистика факультеті ұйымдастырған "Жастар және БАҚ" секциясы бойынша (төрағасы Барманкулов М.К.) 17 адам баяндама жасады.

Конференцияның өткізілу мақсаты - Қазақстандағы қазіргі жастар ортасында әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық саяси процестерге талдау жасау және мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар дайындау.





## Студент дәптері

Туған  
жер

## Көзің сенің...

Шарам қанша,  
Арпалысқан от боп жанған сезіммен,  
Жан екенім жүзімнен-ақ сезілген.  
Көз салмайсың, ойланбайсың мен  
жайлы,  
Саған жұмбақ менің ішкі дүнием.  
Ерке, сері, өрсін және көрікті,  
Мөлдір, тунық тұңғықты көрем сенің  
көзіңнен.

Жәудірейді көзің сенің  
Мөлдірлігін аңғартып,  
Жүрген жансың мына мені  
Ғашық етіп толғанып  
Көзің сенің - көздеріңдей сәбидің  
Байқалмайды жасандылық, жалғандық.

Сөттер де бар, ойларымды шығаратын  
теріске,

Әйтсе де,  
Көзі өдемі көріктінің  
Көрінеді бәрі маған періште.

Мінезі мен ақылы, жан дүниесі ғажап болса  
Көзі өдемі жандардың  
Сырттай сулу, ал ішінен  
Бықсып жанған шаладайын жандар мың.  
Өзгелерге қарағанда сенің мен  
Көзіңмен жан дүниен  
Бір-біріне сай екенін аңғардым.  
Бірақ алғаш қандайынды білмей-ақ,  
Мен өзіне ғашық болып қалғанмын.

РОЗА ӘЛҒОЖАЕВА

Туған жер, мен бір баламмын,  
Ертеңдеріме аламын.  
Бармақтай өмір бақ берсе,  
Кім білсін, мен де жанармын.  
Тірі жүрсем, туған жер,  
Бір кәдеңе жарармын.

Өмірге келсін тосын кім,  
Бәйгеге міне, қосылдым.  
Қағазға түсті түйіні  
Мендегі көңіл хошының.  
Керетін көздер бар шығар,  
Жыр тайын мініп жосылдым.

Шығыстану факультеті Корей тілі және  
әдебиеті бөлімінің 2 курс студенті  
КӨКСЕГЕНОВ Дастан Ақашұлы



## Жарнама

## ВНИМАНИЕ!

Для студентов, магистрантов, аспирантов и сотрудников КазГУ им. аль-Фараби, и только для них в спортклубе университета производится набор в группу китайской гимнастики ЦИГУН.

Занятия проводит опытный специалист по ЦИГУНУ Спиридонов Валерий, обучившийся у пекинских мастеров Ли Цзи Шена и Чень Дэжэня.

При помощи Цигуна укрепляется здоровье, вылечиваются болезни, выявляются необычные способности и рождаются невероятные информации и энергия.

При помощи Цигуна можно закалять себя, укрепить здоровье и вылечить некоторые заболевания, умножить энергию и развить высокий потенциал только путем естественного развития, определенной тренировки тела, дыхания, мысли, что осуществляется на занятиях под руководством опытного специалиста по Цигуну.

Без элементарных познаний сразу братья за трудные упражнения, чтобы выявить у себя необычные способности нельзя.

Цигун - это терпение и гимнастика, философское гармоничное отношение к миру, психическая и энергетическая саморегуляция - это здоровье.

В Цигуне можно совершенствоваться до бесконечности, здесь нет предела. Замечательной особенностью Цигуна является то, что освоив даже незначительную его часть. Вы постепенно ощутите как улучшается Ваше здоровье.

Запомните - Цигун - это наука!

Просто начните сейчас заниматься Цигуном и Вы не пожалете!

Занятия проводятся три раза в неделю по два часа: понедельник, среда, пятница с 17:00 до 18:30 в зале ЛФК Спорткомплекса КазГУ.

Звоните по телефону 47-06-86, 47-06-80, Казгуград, Спорткомплекс.

В теплое время и хорошую погоду занятия проводятся на улице в сосновых посадках выше биофака.

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ мемлекеттік ұлттық  
университетінің ректоры және  
журналистика факультеті.

Газет Қазақстан  
Республикасының Баспасөз  
және бұқаралық ақпарат  
министрлігінде тіркеліп, №  
1242 куәлік берілген.

## МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы қаласы,  
әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 10 қабат,  
1008 бөлме.  
Тел.: 47-82-50, 47-19-24.

Бас редактор -  
Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ;  
Нөмірдің кезекші  
редакторлары -  
Нарбинь КЕНЖЕҒҰЛОВА,  
Айнұр КАРГАЛИНОВА;  
Жауапты хатшы -  
Виктория ГРЕБЕННИКОВА;  
Фототілші -  
Арман СӘРСЕНБИЕВ.

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

К.Н.НӘРІБАЕВ - ректор;  
Е.Б.ЖАТҚАНБАЕВ -  
ұйымдастыру және  
коммерциялық жұмыстар  
жөніндегі проректор;  
Л.С.АХМЕТОВА - кәсіпордақ  
ұйымының төрайымы;  
Ж.Д.ДӘДЕБАЕВ - филология  
факультетінің деканы;  
Н.ОМАШҰЛЫ - журналистика  
факультетінің деканы.

Жарияланған мақаладағы автор  
пікірі редакцияның көзқарасын  
білдірмейді.

Нөмір ҚазМУ-дің "Қазақ  
университеті" баспасында  
30.09.99 күні басылып шықты.  
Бағасы келісім бойынша.  
Тараламы - 500 дана.  
№ 804 тапсырыс.